

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 29 ақпандағы N 326 қаулысына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 14 қараша N 1206 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 4 желтоқсандағы N 2016 Қаулысымен.

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009.12.04 N 2016 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз) Қаулысымен.

Республикалық бюджет қаражаты есебінен республика азаматтарын шетелге емделуге жіберу процесін жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Республика азаматтарын шетелге емделуге жіберудің ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 29 ақпандағы N 326 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2000 ж., N 9-10, 117-құжат) мынадай толықтырулар мен өзгерістер енгізілсін:

1) тақырыбы және 1-тармақ "Республика азаматтарын" деген сөздердің алдынан "Республикалық бюджет қаражаты есебінен" деген сөздермен толықтырылсын;

2) кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

"Республика азаматтарын шетелде емдеуге бөлінетін бюджет қаражатын жұмсауды ретке келтіру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді: " ;

3) көрсетілген қаулымен бекітілген Республика азаматтарын шетелге емделуге жіберудің ережесінде:

тақырыбы "Республика азаматтарын" деген сөздердің алдынан "Республикалық бюджет қаражаты есебінен" деген сөздермен толықтырылсын;

1 - т а р м а қ т а :

"азаматтар" деген сөздің алдынан "уәкілетті орган бекіткен аурулар тізбесіне енгізілген аурулардан зардап шегуші" деген сөздермен толықтырылсын;

4 - т а р м а қ т а :

2) тармақшадағы "мамандандырылған" деген сөздің алдынан "республикалық" деген сөзбен толықтырылсын;

мемлекеттік тілдегі мәтінінде 4) тармақшадағы "қорытындысының" деген сөзден кейін ";" тыныс белгісі қойылып, мынадай мазмұндағы 5) тармақшамен толықтырылсын:

"5) уәкілетті органның бейіндік штаттан тыс бас мамандары қорытындысының";

6-тармақ мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Комиссия, сондай-ақ науқасты алып жүретін адам болуының негізділігін, науқас пен оны алып жүретін адамның жол жүру қаражатын қарастырады.";

7-тармақ мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Комиссияның белгіленген үлгідегі қорытындысының негізінде уәкілетті орган мен шетелдік медициналық ұйым арасында ақылы медициналық қызметтер көрсету туралы шарт (бұдан әрі - шарт) жасалады.";

8, 9 және 10-тармақтар алынып тасталсын;

11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"11. "Ауруларды шетелде емдеу" республикалық бюджеттік бағдарламасын қаржыландыру бюджет заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.";

12-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"12. Уәкілетті орган аумақтық Қазынашылық органына белгіленген тәртіппен мынадай құжаттар:

1) комиссияның қорытындысын;

2) шарттың көшірмесін ұсынады.";

13-тармақ алынып тасталсын;

14-тармақтағы "Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі" деген сөздер алынып тасталсын;

15-тармақ алынып тасталсын;

18-тармақтың бірінші абзацының мемлекеттік тілдегі мәтіні мынадай мазмұндағы жаңа редакцияда жазылсын:

"Шетелдік медициналық ұйымда емдеуден өткен Қазақстан Республикасының азаматтары немесе оларды алып жүрген адамдар аумақтық денсаулық сақтау органдарына мынадай құжаттарды:";

19-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"19. Аумақтық денсаулық сақтау органдары осы Ереженің 18-тармағында көрсетілген құжаттарды науқасты шығарған сәттен бастап 1 ай ішінде шетелдік медициналық ұйымда жүргізілетін емдеудің нәтижелері туралы хаттаманы ресімдеу үшін комиссияға ұсынады.".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі